

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма-төрағасы, Ректор

Т.Ғ.Д., академик Қожамжарова Д.П.

«\_\_»\_\_\_\_\_2023 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ****6B05220-География**

Тіркеу номері	6B05200048
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B05-Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B052-Қоршаған орта
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B052-Жер туралы ғылымдар
БББ түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақ, орыс, ағылшын
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	ҚОЛЫ
Исаев Е.Б.	Кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., доцент	
Тасболат Б.	Г. ғ. докторы, доцент	
Нуртилеуова С. Р.	География магистрі, аға оқытушы	
Ибраимова А.К.	аға оқытушы	
Жорабай С.Т.	магистр, оқытушы	
Абдумалик Г. К.	ЕП-21-18к тобының студенті	
Инаятулла А.Н.	ЕП-21-18р тобының студенті	
Пилалов Қ. А.	«Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» бас директоры	
Иманкулов Е.Е.	Шымкент қалалық А.Асқаров атындағы Дендрологиялық саябақ директоры міндетін атқарушы	
Сихимбаев А.Е.	ООЭО «БИОС» директоры	
Пернебаев Ж.Д.	«ECOCENTRE-CONSULTING» ЖШС директоры	
Алмаханқызы Р.	Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп – лицейінің директоры	

Білім беру бағдарламасы «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» дайындық бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды, «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_20\_\_жыл, №\_\_\_\_\_ хаттама

АК (комитет) төрағасы \_\_\_\_\_ Мадияров Н.К.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_20\_\_ жыл, №\_\_\_\_\_ хаттама

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_20\_\_ жыл, №\_\_\_\_\_ хаттама

## МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның концепциясы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	8
4.	Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	10
5.	БББ модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кесте	11
6.	Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау	34
	Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету	35
	Келісу парағы	37
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	38
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	40

## 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Біз жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындауға бағытталғанбыз
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li> <li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li> <li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li> <li>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.</li> <li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li> </ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li> <li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li> <li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li> <li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.</li> <li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li> </ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li> <li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li> </ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шараларын қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы);</li> <li>• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/қ, 27.12.2019 ж.).</li> <li>• Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).</li> </ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;</li> <li>3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</li> <li>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</li> <li>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</li> <li>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</li> </ol>

	7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру</li> <li>• Студентке бағытталған оқыту</li> <li>• Қол жетімділік</li> <li>• Инклюзивтілік</li> </ul>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі</li> <li>• Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту</li> <li>• Жүйелі мониторинг</li> <li>• Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)</li> </ul>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқуғимараттары мен студенттік жатақханаларға тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (бас ғимарат, №8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орныбар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	6B05220-«География» БББ бойынша география саласында терең теориялық және практикалық кәсіптік даярлыққа ие, азаматтық ұстанымы бар, білім, ғылым және мәдениет саласындағы заманауи мәселелерді тұжырымдай және іс жүзінде шеше алатын, басқарушылық, ғылыми және зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын жаратылыстану бакалаврларын даярлау болып табылады.
<b>БББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамда іргелі білім бере отырып, олардың нақты дамып жатқан әлемдегі кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ету;</li> <li>- Өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзін дамыту қабілеттерін белсенді өмір бойы жаңа білімді тәуелсіз шығармашылықпен игеру қажеттіліктері мен дағдыларын дамыту;</li> <li>- Өзінің кәсіби қызметі барысында өзгеретін жағдайларға сәтті бейімделуге мүмкіндік беретін дағдылармен өмір бойы білім алу;</li> <li>- Дамудың жоғары жалпы интеллектуалды деңгейіне жетуге, сауатты және дамыған сөйлеу тілін, ойлау мәдениетін және ғылыми география саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастырудың дағдыларын игеруге жағдай жасау;</li> <li>- Түлектердің өз мамандықтары бойынша неғұрлым тез жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе оқудың келесі сатыларында білімін жалғастыру үшін ғылыми география саласындағы бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру.</li> </ul>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;</li> <li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	6B05220-«География» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар келесідей лауазымдарды атқара алады: қоршаған ортаны қорғау бойынша ғылыми қызметкер, лаборатория инженері, гид, әдіскер. Ресей Федерациясы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №954н Географ бұйрығымен бекітілген "Географ (географиялық бағыттағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі маман)" кәсіби стандарты. (Ресей Федерациясының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 ақпанда тіркелген, тіркеу №62379).
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 6B05220-«География» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының бакалавры дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	6B05220-«География» білім беру бағдарламасы - қоршаған ортаны қорғау бойынша ғылыми қызметкер, лаборатория инженері, гид, әдіскер, білім беру ұйымдары, сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген менеджерлер, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес лауазымдар.
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	Кәсіби қызмет саласы: жобалау-іздістіру жұмыстары, іргелі және қолданбалы ғылыми-географиялық жобаларға қатысу, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану органдарының жұмысына ғылыми қызметкер ретінде қатысу, қоршаған ортаның экологиялық-географиялық

	мониторингі, білім беру жүйесінде білім беру және туристік қызмет көрсету; зерттеу және әзірлеу.
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	Түлектердің кәсіби қызмет объектілері жобалау, іздестіру, зерттеу институттары, бюролар, туристік агенттіктер, қоршаған ортаны қорғау министрлігінің табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану жөніндегі агенттіктері, жерге орналастыру комитеті, жалпы білім беру және кәсіптік оқу орындары және т.б.
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	Оқу бакалаврының кәсіби қызметінің пәндері: географиялық қабық, оның құрылымы, қызметі және дамуы; ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейде табиғи, антропогендік, экономикалық және аумақтық-өндірістік жүйелер; ГАЖ технологияларын қолдану арқылы табиғи ортаны, әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарды тақырыптық картаға түсіру, жергілікті топо-геодезиялық қызметтер, оқу үдерісіндегі критериялды бағалау технологиясы.
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- зерттеу;</li> <li>- оқу (педагогикалық);</li> <li>- өндірістік;</li> <li>- экологиялық;</li> <li>- туристік және рекреациялық.</li> </ul>
<b>Оқыту нәтижелері</b>	<p><b>ОН1</b> Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін түсіне отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби ортада және қоғамда еркін сөйлесу.</p> <p><b>ОН2</b> Идеялық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, ғылыми және эксперименттік зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету.</p> <p><b>ОН3</b> Ақпараттық және есептеу сауаттылығы, ақпаратты жалпылау, талдау және қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілеттерін меңгеру.</p> <p><b>ОН4</b> Табиғаттың даму заңдылықтары, халық пен шаруашылықтардың таралуы, географиялық кеңістікте орын алатын динамика мен аумақтық ерекшеліктер туралы материалды беру және нәтижелерді әзірлеуде геоақпараттық технологияларды қолдана білу.</p> <p><b>ОН5</b> Зерттеу есептерін шешу және әртүрлі табиғи зоналардың ландшафттары мен климаттық жағдайларының типологиясын анықтау.</p> <p><b>ОН6</b> Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың экономикалық-географиялық, әлеуметтік, саяси және кешенді даму мәселелерін бағалау және шешу.</p> <p><b>ОН7</b> Қоршаған ортаны қорғау және геожүйелерді сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, оларды қалпына келтіру жолдары мен оларды ұтымды пайдаланудың ұтымды шараларын қолдану.</p> <p><b>ОН8</b> Қазіргі заманғы құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, география саласындағы далалық зерттеулерде тәуелсіз ғылыми зерттеулер мен өзара шолулар жүргізу.</p> <p><b>ОН9</b> Кәсіби қызметте әртүрлі ақпараттық және оқу ресурстарын, дайын бағдарламалық-әдістемелік кешендерді, компьютерлік және мультимедиялық технологияларды пайдалану.</p> <p><b>ОН10</b> Кәсіби салада өзін-өзі тәрбиелеу үшін қажетті зерттеушілік, практикалық және оқу дағдыларын қолдану.</p> <p><b>ОН11</b> Жеке тұлға ретінде және топ мүшесі ретінде өз көзқарасын дұрыс қорғай отырып, өз іс-әрекетін түзетіп, әртүрлі әдістерді қолдана отырып нәтижелі жұмыс жасау.</p>

### 3. ББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

<b>Жалпы құзыреттіліктер (SOFTSKILLS):</b> Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, трансәрттілік, кроссфункционалдылық)	ЖҚ1. Арнайы ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ, оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексттегі түрде меңгеру қабілеті.
Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2. Шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын–кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті.
Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	ЖҚ3. ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті.
Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4. Жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті.
Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ5. Қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командалық жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.
Кәсіпкерлік құзыреттіліктері	ЖҚ6. Экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.
Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	ЖҚ7. Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.



<b>Кәсіптік құзыреттіліктер (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер</b>	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер	КҚ1 - ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін жетекші бағыттарда қолдана білу және мәдени мұраны сақтау; зерттеу нәтижелерін форматтау мүмкіндігі: ғылыми баяндамалар, шолулар, аналитикалық есептер және түсіндірме жазбалар.
	КҚ2 - табиғи жағдайлар мен ресурстарды пайдалану мен табиғатты пайдаланудың негіздерін білу; қолданыстағы заңнама негіздерін, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғи мұраны сақтаудың географиялық принциптерін іс жүзінде қолдана білу; орындаушылардың шағын ұжымдарының жұмысын ұйымдастыра білу.
	КҚ3 - метеорологиялық деректерге климатологиялық талдау жасау мүмкіндігі; су балансының компоненттерін бағалау, қажетті гидрометриялық өлшеулер жүргізу мүмкіндігі; тақырыптық карталарды авторлық әзірлеуді жүзеге асыру, заманауи картографиялық қорларда шарлау және олардан қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі; қазіргі демографиялық, этникалық және геосаяси проблемаларды анықтап, талдау мүмкіндігі; біздің заманымыздың жергілікті, аймақтық және ғаламдық проблемаларының географиялық ерекшелігін талдау мүмкіндігі; рельефтің адамның экономикалық қызметіне және оның денсаулығына әсерін бағалау мүмкіндігі; алған білімдері мен дағдыларын қолдана білу, практикалық, әдістемелік және ақпараттық-ізвестіру міндеттерін шешу үшін зертханалық жабдықты қолдану.
	КҚ4 - халық шаруашылығының және адам қызметінің басқа да салаларының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде мәдени және білім беру бағдарламаларын жасауға қатысу мүмкіндігі.
	КҚ5 - интегралды және салалық географиялық болжау, тұрақты дамумен байланысты географиялық мәселелерді шешу мүмкіндігі; аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін типтік оқиғаларды жобалау мүмкіндігі; туристік және рекреациялық жүйелерді жобалауды, туристік және көрікті жерлерді дамытуды білуі керек.

**3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
ЖҚ1	+				+	+					
ЖҚ2	+										
ЖҚ3		+	+			+					
ЖҚ4			+		+		+				
ЖҚ5				+	+		+	+			
ЖҚ6		+						+			
ЖҚ7							+	+			
КҚ1					+	+		+			
КҚ2				+		+			+		
КҚ3					+					+	
КҚ4		+					+	+			
КҚ5		+						+			+

1. 4. Пәндердің оқыту нәтиже лерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модульдің атауы	Циклі	Компонент атауы	Пәннің аталуы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасушы оқыту нәтижелері (кодтары)													
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11			
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖПБ	МК	Қазақстан тарихы	<p><b>Мақсаты:</b> Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беруі.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.</p>	5		✓												

		ЖПБ	МК	Философия	<p><b>Мақсаты:</b> Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.</p>	5															
--	--	-----	----	-----------	---	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	ЖПБ	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<p><b>Мақсаты:</b> Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>	4																✓
		ЖПБ	МК	Мәдениеттану және психология	<p><b>Мақсаты:</b> Тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері.</p>	4																

3	Әлеуметтік-этникалық даму модулі	ЖПБ	ЖК	Экожүйе және құқық	<p><b>Мақсаты:</b> Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.</p>	5		✓								
		БП	ТК	Абайтану	<p><b>Мақсаты:</b> А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебитінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда» маңыздылығы.</p>	3		✓								



		БП	ТК	Қоғамға қызмет ету	<p><b>Мақсаты:</b> Университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде студенттерде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b>Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning - тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері.</p>			✓								
--	--	----	----	--------------------	--	--	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--





4	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖПБ	МК	Қазақ тілі (Орыс)	<p><b>Мақсаты:</b> Қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p><b>Мазмұны:</b> А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10		✓								
---	---	-----	----	-------------------	---	----	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--

		ЖПБ	МК	Шетел тілі	<p><b>Мақсаты:</b> А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді.</p> <p><b>Мазмұны:</b> А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10													
							✓												

		ЖПБ	МК	Дене шынықтыру	<p><b>Мақсаты:</b> Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А.Стрельникова, К.Бутейко, К.Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.</p>	8	✓													
		БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<p><b>Мақсаты:</b> Кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.</p>	3	✓													

		БП	ЖК	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	<p><b>Мақсаты:</b>Кәсіби салада шет тілінде жоғары сөйлеу қарым-қатынасын қалыптастыру, студенттерге нақты сөйлеу контекстінде грамматикалық, лексикалық және құрылымдық модельдерді қолдануға бағынатын ережелерді түсінуге көмектесу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Мамандықтың арнайы пәндерімен интеграцияда шет тілін үйренуді қарастырады. Кәсіби бағдарланған шет тілін үйренуге арналған оқу-әдістемелік жиынтықтар негізінде сөйлеу қызметінің барлық түрлерінде коммуникативтік дағдыларын жетілдіріледі.</p>	3											✓	
		ЖПБ	МК	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	<p><b>Мақсаты:</b> Ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау. Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.</p>	5												✓
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті																		

6	Жалпы жаратылыстану ғылымдары	БП	ЖК	<p>Геоэкология және табиғатты қорғау</p>	<p><b>Мақсаты:</b> қоршаған орта мен кеңістік экологиясын зерделеу арқылы табиғи және антропогендік геожүйелердің қолайлы экологиялық жағдайын сақтау және қалпына келтіру туралы білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Геоэкологияның пәні, мақсаты мен міндеттері. Зерттеу әдістері және жалпы құрылымы. Жер туралы ғылымдар жүйесіндегі геоэкология. Геоэкологияның теориялық және әдіснамалық негіздері. Адамның іс-әрекеті және жердің геосферасы. Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыру. Аймақтық экологиялық проблемалар.</p>	5															✓			
7		БП	ЖК	<p>Климаттың өзгеруі және "Жасыл Экономика"</p>	<p><b>Мақсаты:</b> экономикалық белсенділік пен климаттың өзгеруінің тығыз байланысы туралы түсініктерді қалыптастыру, «жасыл» экономиканы енгізу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Климаттың өзгеруі және оның табиғи және экономикалық жүйелерге әсері, климаттың өзгеруі бойынша нормативтік құжаттар. Қазақстандағы тұрақты даму және жасыл экономика тұжырымдамасының қалыптасу тарихы. Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасының негізгі бағыттары.</p>	4																	✓	
<p>Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті</p>																								

9	Әлеуметтік-этникалық даму			Абайтану	<p>Пәннің мақсаты: А.Құнанбаевтың еңбегі негізінде «Қазақстан» жобасында «ұлттық кодты» сақтау.</p> <p>Мазмұны: Қазақстан тарихына және 19-20 ғасырлардағы қазақ әдебиетіне тарихи шолу. XX-XXI ғасырлардағы Абай мұрасының зерттелуі. Абай шығармашылығының хронологиясы. Абай – ұлы ақын, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай – «Қарамола жарғылары» Заңдар жинағын құрастырушы, қоғамдық маңызы. Абай – ойшыл, дінтанушы, философ. Абайдың білім мен ғылымдағы орны, «Тұтас адам» концепциясы. Абайдың «Қара сөздері», М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Қ.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан», рөлі, маңызы.</p>	3												
	Әлеуметтік-этникалық даму модулі	БП	ТК	Мұхтартану	<p>Пәннің мақсаты: Әдебиет тарихы, ұлтжандылық және мәдени-рухани ұстанымы аясында М.Әуезов шығармашылығы туралы тарихи, әдеби түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Көркемдік ой-өрісін, өз бетінше ізденушілік әрекет дағдыларын дамыту.</p> <p>М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы Семей, Ташкент, Петербург кезеңдері. М.Әуезовтің «Шолпан», «Абай» журналдарындағы қызметі. Публицистика М.Әуезов. «Қорғансыздың күні», «Қыр сүреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, Еңлік-Кебек пьесасына және «Қылы заман» әңгімелеріне, «Абай жолы» дастандарына көркемдік шолу.</p>													









11	Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ТК	Жалпы жертану	<p><b>Мақсаты:</b> жалпы географиялық қабықтың құрылымын, даму заңдылықтарын, оның құрылымдарының құрамдас бөліктері мен әртүрлі деңгейдегі табиғи кешендерін зерттеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Жалпы Жер туралы ғылымның тарихы. Оның құрылымдық және сипаттамалық ерекшеліктерінің географиялық қабығы. Кеңістікті дифференциациялау. Географиялық қабықтағы жалпы планеталық факторлардың әсері. Географиялық қабықтағы зат пен энергияның айналымы. Жердің қатты қабаты, су қабаты және ауа қабаты. Жер шарының ландшафттық сферасы туралы білім беру. Табиғи аудандастыру.</p>	5											
		БП	ТК	Географиялық қабық туралы ұғым	<p><b>Мақсаты:</b> Географиялық қабықтың құрамын, құрылымын, динамикасы мен қызмет ету және даму заңдылықтарын зерттеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Географиялық қабық туралы түсінік. Физикалық географияның тұтастығы: жалпы география, ландшафттану және палеогеография. Негізгі идеялардың даму тарихы: сипаттау, түсіндіру және болжау кезеңдері. Физикалық географияның маңызды мәселелері. Физикалық географиядағы зерттеу әдістері. Әдістердің классификациясы. Географиялық қабықтың жоғарғы және төменгі шекаралары. Ландшафт сферасы мен географиялық қабықтың қатынасы.</p>												

